



Қазақстан Республикасының аумағындағы шабуыл жасау қаруларын жою жөніндегі Үкіметтік комиссия туралы Ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 25 қыркүйек N 1280

"Қазақстан Республикасының аумағындағы стратегиялық шабуыл жасау қаруларын жою жөніндегі Үкіметтік комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 ақпандағы N 119 қаулысының 3-тармағын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының аумағындағы стратегиялық шабуыл жасау қаруларын жою жөніндегі Үкіметтік комиссия туралы Ереже бекітілсін (қоса берілді).

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 25 қыркүйектегі
N 1280 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының аумағында стратегиялық шабуыл
қаруларын жою жөніндегі Үкімет комиссиясы туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 ақпандағы N 119 қаулысына сәйкес құрылған Қазақстан Республикасының аумағында стратегиялық шабуыл қаруларын жою жөніндегі Үкімет комиссиясы:

республиканың аумағында уақытша орналасқан стратегиялық шабуыл жасау қаруларын (бұдан әрі-СШҚ) жою бөлігінде Қазақстан Республикасының міндеттемелерін жүзеге асыру;

жергілікті табиғи ортаны бастапқы қалпына келтіру, әскери қалашықтар мен СШҚ инфрақұрылымының объектілерін белгіленген нормаларға сәйкес келтіру, мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының өкілетті органы болып табылады.

2. Оның құзырында қабылданған Комиссияның шешімдерін Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік басқару органдары орындауға міндетті.

3. Комиссияның жеке құрамын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

4. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

<*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.08.20. N 1031 P961031_ , 1997.06.20. N 997 P970997_ , 1999.09.10. N 1363 P991363_ , қаулыларымен.

2. Комиссияның мақсаттары мен міндеттері

5. Комиссияның негізгі мақсаты 1991 жылғы 31 шілдедегі стратегиялық шабуыл жасау қаруларын қысқарту және шектеу туралы Шартқа 1992 жылғы 23 мамырдағы Лиссабан хаттамасы бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелерін жүзеге асыру бөлігінде министрліктердің, ведомстволар мен жергілікті атқару органдарының қызметін үйлестіру болып табылады.

6. Комиссия өзінің қызметінде мынадай міндеттерді орындайды:

СШҚ мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының өкілеттік етуі;

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан СШҚ-ны қысқарту жөніндегі жұмыстарды жүргізу көлемін тәртібі мен түрлерін жоспарлау;

Ресей Федерациясының аумағына енгізілетін арнайы жабдықтар, техника және мүлік бөліктерінің тізбелерін келісу және түгендеуді жүргізу;

Қазақстан Республикасының өкілетті органдарына берілетін Ресей Федерациясының стратегиялық қарулы күштерінің (бұдан әрі-СҚК) мүлкінің, жабдықтарының және объектілерінің тізбелерін айқындау;

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан СШҚ жою жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз ету және ұйымдастыру, сондай-ақ жер учаскелерін қайта өңдеу мәселелерін шешу;

СШҚ-ны жою және оларды Қазақстан Республикасының аумағында

орналастырудың зардаптарын жою жөніндегі жұмыстарын орындалуын бақылау, сондай-ақ Ресей Федерациясының аумағына енгізілетін СҚК мүлкіне келісілген тізбелердің көлемінде бақылау жасау;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарына СШҚ-ның қысқартылу барысы туралы мәліметтер беру;

СШҚ-ны қысқарту және шектеу туралы Шартқа тараптардың инспекциялар жүргізу тәртібін келісу.

7. Комиссия әскери қалашықтарды, үйлер мен ғимараттарды, қару-жарақтар мен әскери техниканы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында СШҚ-ны қысқарту туралы келісімнің шеңберінде босатылатын басқа да объектілерді Қазақстан Республикасынан қабылдауды жүзеге асыратын органдарды құрады.

3. Комиссияның құқықтары

8. Комиссия мыналарға құқықты:

Қазақстан Республикасының аумағында СШҚ-ны қысқарту жөніндегі жұмыстарды жүргізу және ұйымдастыру үшін қажетті мәліметтерді Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік басқару органдарынан сұрауға;

министрліктер, ведомстволар және жергілікті органдардың

мамандары мен сарапшыларын тартып жекелеген мәселелер бойынша жұмыс топтарын құруға;

өзінің құзыры шеңберіндегі мәселелерді жедел қойып, оларды Қазақстан Республикасының қарауына енгізуге.

4. Комиссияның жұмыс органының жұмыс тәртібі

9. Комиссияның жұмыс органы - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігінің жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті туралы Ереже және осы Ереже бойынша берілген құзыры мен құқықтардың шеңберінде шешімдер қабылдайды.

<*>

ЕСКЕРТУ. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.08.20.

N 1031

P961031_

, 1997.06.20. N 997
P970997_
, 1999.09.10. N 1363
P991363_

, қаулыларымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК